Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі.

Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері;

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі;

эмитент оларға қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары;

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері.

Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

8-тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленген құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер

19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он немесе одан астам пайызын иеленген құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) - жеке тұлға

Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін құрылтайшылар туралы немесе ірі акционерлер (қатысушылар) арасында жеке тұлғалар жоқ.

Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) - заңды тұлға



Акционердің толық атауы	Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акцияларының немесе қатысу үлестерінің он және одан да көп пайыздарына ие болған күні	Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың немесе қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акцияларына немесе қатысу үлестеріне пайыздық қатынасы
"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті" ММ, Астана қ., Жеңіс даңғылы, 11	02.07.2000	100

9-тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

Директорлар кеңесі немесе Байқау кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (Директорлар Кеңесіндегі тәуелсіз (тәуелсіз) директорды (директорларды) көрсете отырып):

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): Бектұрғанова Гүлжан Жаналықызы

Лауазымы: Директорлар Кеңесінің Мүшесі, тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні: 22.06.2023

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:

2022 жылғы 18 сәуірден 2023 жылғы 5 қарашаға дейін – «i-Sys» ЖШС директоры.

2022 жылғы 18 сәуірден 2024 жылғы 11 қазанға дейін - "AsiaTrade Partners" ЖШС директоры.

2022 жылғы 4 тамыздан қазіргі уақытқа дейін – «dBridge» ЖШС директоры.

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Тегі, Аты, Әжесінің аты (бар болса): Қайрбеков Ұлан Қайратұлы

Лауазымы: Директорлар Кеңесінің Мүшесі, тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні: 22.06.2023

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:

2020 жылғы 28 тамыздан 20 қарашаға дейін - "Astana Hub" IT- Стартаптардың халықаралық технопаркі" корпоративтік қорының Бас директорының кеңесшісі.

2020 жылғы 10 желтоқсаннан 2022 жылғы 3 ақпанға дейін - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, Ұлттық талдауды қалыптастыру департаментінің директоры.

2022 жылғы 1 наурыздан 2024 жылғы 11 қазанға дейін - «ОЭЛКс Групп (OLX Group)» ЖШС бас директоры.

2024 жылғы 23 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Яндекс Казахстан» ЖШС Яндекс іздеуді дамыту жөніндегі Директор.

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Тегі, Аты, Әжесінің аты (бар болса): Аманжолов Алмаз Қанатбекұлы

Лауазымы: Директорлар Кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні: 31.05.2024

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:

2020 жылғы 6 қаңтардан 2020 жылғы 4 қазанға дейін – «AIFC Business Connect Ltd» мәмілелерді іздеу және тарту департаментінің директоры.

2020 жылғы 5 қазаннан 2021 жылғы 25 мамырға дейін – «AIFC Business Connect Ltd» мәмілелерді іздеу және тарту департаментінің аға директоры.

2021 жылғы 26 мамырдан 2022 жылғы 30 наурызға дейін – «AIFC Business Connect Ltd» ЖК бас директорының орынбасары.

2022 жылғы 8 тамыздан 2023 жылғы 20 маусымға дейін – «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдинг» АҚ тарату комиссиясының төрағасы.

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): Қоңырбаев Баян Қайратұлы

Лауазымы: Директорлар кеңесінің мүшесі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы.

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні: 03.10.2024

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:

2019 жылғы 23 қыркүйектен 2023 жылғы 7 тамызға дейін – Алматы қаласы әкімдігінің Цифрландыру басқармасының басшысы.

2023 жылғы 11 қыркүйектен 2024 жылғы 2 қаңтарға дейін – "Global DTC Kazakhstan Ltd" ЖК технологиялар жөніндегі кеңесшісі.

2024 жылғы 3 қаңтардан 28 тамызға дейін – "Global DTC Kazakhstan Ltd" ЖК техникалық директоры.

2024 жылғы 25 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның Басқарма төрағасы.

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): Оразбек Асхат Елубайұлы

Лауазымы: Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Вице-министрі.

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні: 22.06.2023

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:

2019 жылғы 1 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі.

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): Әділбеков Нұрмахан Әбілқасымұлы
Лауазымы: Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары.
Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні: 31.05.2024
Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:

2020 жылғы 20 маусымнан 2022 жылғы 14 тамызға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің республикалық меншік объектілерін сату және жекешелендіруден кейінгі бақылау басқармасының басшысы.

2022 жылғы 15 тамыздан 2024 жылғы 26 мамырға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шымкент қаласы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы.

2024 жылғы 27 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары.

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы:

21. Эмитенттің алқалы органы немесе атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): Баян Қайратұлы Қоңырбаев
Лауазымы: "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ Басқарма төрағасы.

Атқарушы органның құрамына сайланған күні: 25.09.2024

Өкілетті тұлға: Қоғам Басқармасын басқарады; Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады; Қоғамның атынан оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында сенімхатсыз әрекет етеді; қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оның өкілдік ету құқығына сенімхат береді; Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады ("Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда) оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларға дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды, Басқарма құрамына кіретін, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің бақылауындағы, есеп беретін жұмыскерлер; ол болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді; Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі; қоғамның жұмыс режимін белгілейді; Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді; Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның Жалғыз акционері алдындағы жұмысы үшін жауапты болады; Қоғамның Жалғыз акционеріне және директорлар Кеңесіне Қоғамның регламенттеуші құжаттарында белгіленген нысандар мен мерзімдер бойынша есептер ұсынады; қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады; құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді; Қоғам басқармасының отырыстарын шақырады және қажетті материалдарды қарауға ұсынады; қоғамның басқармасы мақұлдаған адамдарды филиалдар мен өкілдіктер басшыларының лауазымдарына тағайындайды және оларды лауазымдардан босатады; Қоғамның атынан, оның ішінде белгіленген тәртіппен Басқарма мүшелерімен және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін, бақылауындағы қызметкерлермен қорытынды жасайды және бұзады; Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерін іске асырады; Қоғамның Басқармасы айқындайтын тәртіппен ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді; Жалғыз акционердің және директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын міндеттерді орындау үшін қажетті Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:

2019 жылғы 23 қыркүйектен 2023 жылғы 7 тамызға дейін – Алматы қаласы әкімдігінің Цифрландыру басқармасының басшысы.

2023 жылғы 11 қыркүйектен 2024 жылғы 2 қаңтарға дейін – "Global DTC Kazakhstan Ltd" ЖК технологиялар жөніндегі кеңесшісі.

2024 жылғы 3 қаңтардан 28 тамызға дейін – "Global DTC Kazakhstan Ltd" ЖК техникалық директоры.

2024 жылғы 25 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның Басқарма төрағасы.

Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың немесе қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акцияларына немесе қатысу үлестеріне пайыздық қатынасы: 0 %

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): Оразалимов Шыңғыс Айдарбекұлы
Лауазымы: "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
Атқарушы органның құрамына сайланған күні: 03.07.2024
Өкілетті тұлға: Басқарма мүшелері Басқарма төрағасының тиісті бұйрығының негізінде Қоғам қызметі бойынша өзіне жүктелген міндеттер мен өкілеттіктер аясында өзіне жүктелген функциялардың тиісінше орындалмағаны үшін жауап береді.
Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:
2019 жылғы 20 тамыздан 2021 жылғы 30 маусымға дейін – «BTS Digital» ЖШС-ның өнім менеджері.
2022 жылғы 22 қаңтардан 7 тамызға дейін – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Стратегиялық даму аппараты департаментінің директоры, Фронт-офистерді үйлестіру департаментінің директоры, Цифрландыру жөніндегі офис жобасының басшысы.
2022 жылғы 8 тамыздан 2023 жылғы 18 маусымға дейін – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқарма аппаратының IT жөніндегі басқарушы директоры.
2023 жылғы 19 маусымнан 2024 жылғы 8 сәуірге дейін – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
2024 жылғы 3 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың немесе қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акцияларына немесе қатысу үлестеріне пайыздық қатынасы: 0 %

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): Саян Мейрамұлы Әшірбеков
Лауазымы: "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
Атқарушы органның құрамына сайланған күні: 01.12.2022
Өкілетті тұлға: Басқарма мүшелері Басқарма төрағасының тиісті бұйрығының негізінде Қоғам қызметі бойынша өзіне жүктелген міндеттер мен өкілеттіктер аясында өзіне жүктелген функциялардың тиісінше орындалмағаны үшін жауап береді.
Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:
2018 жылғы 8 тамыздан 2022 жылғы 5 қазанға дейін – «Транстелеком» АҚ-ның Шымкент қаласы, Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша филиалының басқарушы директоры.
2022 жылғы 6 қазаннан 30 қарашаға дейін – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның Өңірлік өкілдіктерімен жұмыс істеу жөніндегі басқарушы директоры.
2022 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың немесе қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акцияларына немесе қатысу үлестеріне пайыздық қатынасы: 0 %

22. Эмитенттің атқарушы органының уәкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық (басқарушы) ұйымға берілмеген.

10-тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

23. Эмитент қызметінің түрлері.

1) қызметтің негізгі түрі:

1. ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың «электрондық үкімет» архитектурасын дамыту жөніндегі талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
2. уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және оларды сүйемелдеуді жүзеге асыру;
3. «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту үшін өзге тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қолдау көрсетіп отыруды және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін басқа да тұлғалардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін тартуға құқығы бар;
4. мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету;
5. операторға бекітілген «Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымында орналастырылған мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6. ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету кезінде мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
7. ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде анықталған кемшіліктерге жедел ден қоюды қамтамасыз ету және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;
8. «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру, дамыту және орналастыру үшін «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасын ұсыну қызметін көрсету;
9. «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін «электрондық үкіметтің» шлюзіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық шлюзіне интеграциялауды және қосуды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына қосуды жүзеге асыру;
10. мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған және мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасына қосылған өзге де ақпараттандыру субъектілеріндегі электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуі үшін оларға байланыс қызметтерін көрсету Байланыс қызметтерін көрсету үшін қызметтердің қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) ретінде өзге тұлғаларды тартуға құқығы бар;
11. «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасын және мемлекеттік органдардың бірыңғай тасымалдау ортасын құруды және дамытуды жүзеге асыру;
12. Қазақстан Республикасы Ұлттық шлюзін қолдап отыру және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
13. Қазақстан Республикасының түбірлік куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарабын сүйемелдеуді және оларға жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



14. «электрондық үкімет» веб-порталын мемлекеттік органдар және электрондық нысанда қызметтер көрсетудің өзге де субъектілері ұсынған электрондық ақпараттық ресурстармен ақпараттық толтыруды жүзеге асыру;
15. «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту кезінде мемлекеттік органдарға консультациялық көмек көрсету;
16. «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық шлюзін дамыту жөніндегі жобаларды басқару;
17. деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді жүзеге асыру;
18. деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен деректерді басқаруға қойылатын талаптарға сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасында деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді жүзеге асыру;
19. заңды тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық және консультациялық қызметтер көрсету үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды ұсыну қызметтерін көрсету;
20. әзірленген бағдарламалық қамтылымды, бастапқы бағдарламалық кодтарды (бар болса), «электрондық үкімет» ақпараттандыру объектілерінің лицензиялық бағдарламалық қамтылымын орнату кешенін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыру;
21. механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізу, дамыту, интеграциялау және сүйемелдеу қызметін жүзеге асыратын механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің операторының қызметін жүзеге асыру;
22. қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып және электрондық паспорттар жүйесінің қатысушыларымен және билік органдарымен өзара іс қимылды қамтамасыз ете отырып электрондық паспорттар жүйесінің әкімшісімен жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыратын көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдарының шассиі паспорттары) және өзі жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінің ұлттық операторының (ұлттық әкімшісін) қызметін жүзеге асыру;
23. мұнай өнімдері айналымы саласындағы уәкілетті органға, оның өңірлік бөлімшелеріне, сондай-ақ мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға осы бақылау есепке алу аспаптарының деректерін автоматтандырылған онлайн-беруді қамтамасыз ететін мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласындағы бақылау есепке алу аспаптары операторының қызметін жүзеге асыру;
24. уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне есепке алудың бақылау аспаптарының деректерін автоматтандырылған онлайн-беруді қамтамасыз ететін этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласында есептеуіш бақылау аспаптары деректерінің операторының қызметін жүзеге асыру.

2) маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы.

Эмитент жүзеге асыратын қызмет түрлері маусымдық сипатқа ие емес және айтарлықтай маусымдық ауытқуларға ұшырамайды.

3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Эмитенттің бәсекелестері ретінде қарастыруға болады:

1. "Қазақтелеком" АҚ;

2. "Қазпошта" АҚ;

3. Халықаралық ІТ-компаниялар:

- Microsoft: мемлекеттік және жеке ұйымдар үшін бұлтты есептеу, киберқауіпсіздік және цифрлық трансформация шешімдерін ұсынады.

- IBM: жасанды интеллект, бұлттық қызметтер және блокчейнді қоса алғанда, ІТ шешімдерінің кең ауқымын ұсынады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Бұл компаниялар Қазақстандағы ақпараттық технологиялар нарығында белсенді жұмыс істейді және Эмитенттің қызметтерімен және өнімдерімен бәсекелесе алатын түрлі шешімдерді ұсынады.

4) эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар.

Сатудың (жұмыстардың, қызметтердің)кірістілігіне оң әсер ететін факторлар:

- Үкіметтің Цифрландыру бағдарламасын белсенді ілгерілетуі және экономиканың түрлі секторларына ақпараттық технологияларды енгізу.

- Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің оң серпіні (тұрақты экономика және ЖІӨ өсуі ІТ-секторға инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасайды).

Сатудың (жұмыстардың, қызметтердің)кірістілігіне теріс әсер ететін факторлар:

- Инфляциялық қысым және валюта бағамдарының ауытқуы.

- Саяси дағдарыстар немесе тұрақсыздық.

5) эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат:

1. Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, 6 наурыз 2019 жыл.

2. IP-телефония (Интернет-телефония), Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникация комитеті, 26 тамыз 2009 жыл.

3. Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтіннің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтінне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растау, Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникация комитеті, 12 маусым 2006 жыл.

4. Деректерді беру (оның ішінде интернет және телеграф байланысы қызметтері), Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникация комитеті, 2 желтоқсан 2004 жыл.

5. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, 1 тамыз 2008 жыл.

6) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі.

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі:

0,01

Эмитент экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы көлеміндегі өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) үлесі:

0,05

7) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз мөлшерінде одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер.

Берілген күнгі жағдай бойынша Эмитент Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекеліне байланысты сот процестеріне қатыспады.

8) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.

Осы проспектің 11-бөлімінің 34-тармағында көрсетілген.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



24. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

Тұтынушылар туралы мәліметтер:

Атауы	Эмитент өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының үлесі
Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	67

Жеткізушілер туралы мәліметтер:

Атауы	Эмитент өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының үлесі
"Транстелеком" АҚ	34
"Қазақтелеком" АҚ	13
"НСТ плюс" ЖШС	10
"ASTEL" (АСТЕЛ) АҚ	11

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.

Эмитенттің активтерінің баланстық құны 2024 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша:

Негізгі құралдар - 96 640 119 мың тенге

Ақша қаражаттары және олардың баламалары - 30 030 641 мың тенге

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:

Дебитордың атауы	Өтеуге тиісті сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсете отырып жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі) және оны өтеу мерзімі
Эмитент алдында берешегі активтердің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитент дебиторлары жоқ.	-

27. Эмитенттің эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын кредиторлық берешегі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Кредитордың атауы	Өтеуге тиісті сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсете отырып жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі) және оны өтеу мерзімі
ДТМ Қазақстан Лтд Жеке компаниясы	31 617 392 мың теңге 2025 ж.-7 904 348 мың теңге 2026 ж.-7 904 348 мың теңге 2027 ж.-7 904 348 мың теңге 2028 ж.-7 904 348 мың теңге
"Транстелеком" АҚ	20 686 503 мың теңге 31.12.2024ж. дейін

28. Эмитент левереджінің шамасы.

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

2022 жылғы 31 желтоқсан - 0,65

2023 жылғы 31 желтоқсан - 0,54

2024 жылғы 30 қыркүйек - 1,29

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны.

2023 год:

Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының ағыны - 10 151 985 мың теңге

Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының ағыны - (15 162 658) мың теңге

Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының ағыны - 263 938 мың теңге

2022 год:

Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының ағыны - 20 887 317 мың теңге

Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының ағыны - (5 691 569) мың теңге

Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының ағыны - (5 177 535) мың теңге

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):

Эмитентте облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күні борыштық бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымдары (облигациялардың өтелген және жойылған шығарылымдарын қоспағанда) жоқ.

11-тарау. Эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар;

2) эмитенттің облигацияларды, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары;

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда, осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі;

3) өзге құқықтар.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

32. Басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы

1) басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар;

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері;

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін эмитенттің қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер келтіріледі.

Эмитенттің Қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметке тән экономикалық және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырайды.

Бұл тәуекелдер Үкіметтің саяси шешімдері, экономикалық жағдайлар, салық заңнамасының өзгерістері және ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілері сияқты объективті факторлардың әсерінен құрылуы мүмкін, бірақ Эмитент тәуекелдердің қаржылық нәтижелерге әсерін азайту мақсатында олардың барлық ауытқуларын басқарады және қадағалайды.

Эмитент өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жекелей) пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері.

Эмитент өз қызметінде пайдаланатын шикізат пен қызметтер бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер, Эмитенттің инфрақұрылымының қымбаттауына, бюджетке және операциялық тиімділікке әсер етуі мүмкін.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметіне (ішкі және сыртқы нарықтарға жекелей) бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері.

Эмитенттің қызметтері бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер Эмитенттің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметі мен қаржылық нәтижелеріне жағымсыз салдарды азайту үшін баға саясатын және бағаның өзгеруіне байланысты тәуекелдерді тиімді басқарады.

2) қаржы тәуекелдері – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

